

Сайлауалды бағдарлама

Құрметті Бостандық ауданының тұрғындары!

Мен, Еркін Рақышев 1961 жылы 16 қаңтарда Түркістан облысы, Түлкібас ауданында дүниеге келдім.

Қазіргі таңда Алматы қаласы, Бостандық ауданы 14-ші сайлау округінен қалалық Мәслихат депутаттығына үміткер ретінде тіркелдім.

Өзім жайлы қысқаша айтатын болсам.

Режиссер ретінде мен **“Жаралы сезім” “Жетімдер” “Астанаға көктем кеш келеді” “Биші қыз” “Әйгерім”** т.б көптеген кинолар түсірдім.

Қоғамдық жұмыстармен айналыстым.

“Ел мен Жер” партиясының жетекшісімін. (тіркелмеген)

“Қаңтар оқиғасын” зерттеу жөнінде құрылған тәуелсіз комиссияның төрағасының орынбасарымын.

Мен депутат болсам сіздердің талап - тілектеріңізді билікке жеткізіп, соның орындалуына ықпал ететін боламын.

- Одан кейін кең байтақ жерімізден бір үй салуға жер ала - алмай, үйсіз - күйсіз жүрген бауырларымызға заң бойынша тиесілі 10 соттық жер беруді биліктен талап ететін боламын.
- Ұлан байтақ жеріміз бар мақтанамыз. Бірақ сол миллиондаған гектар жерлерді бай манаптар мен ұрылар иеленіп алған. Біз осы жерлерді иесіне – халыққа қайтаруымыз керек. Кеңес заманының өзінде саяжай салу үшін жер телімдері берілетін. Біз үкіметтен саяжай салу үшін әр отбасына 6 - 8 соттық жер беруді талап етеміз.
- Жердің асты - үсті толған байлықтан қарапайым халық өз үлесін алуы керек. Әлеуметтік тұрмыс жағдайы нашар отбасылар мен мұқтаж жандарға жан-жақты көмек берілуі қажет. Бай елде кедей болмауы тиіс. Бұл мәселені шешу үшін,

алдымен ірі өндіріс орындары мен стратегиялық нысандарды мемлекетке қайтару керек. Ұрланған, шет елге шығарылған жүздеген миллиард долларларды қайтаруымыз қажет.

- Біз жемқорлық пен жұмыссыздық жайлаған елміз. Бүгінге дейін билікке халықтың емес, қара басының қамын ойлайтын, жағымпаз- жалтақ, ұры қарылар тамыр - таныс арқылы, пара беру арқылы барғаны белгілі. Халқымыздың қымбатшылық пен кедейшіліктен көз ашпай, кредитке өмір сүруі солардың жұмысының жемісі. Олар ол үшін әлі жауап беретін болады. Ал біз қарап отырмай халықтың арасынан шыққан озық ойлы, жүрегі елім, жерім деп соғатын азаматтармен бірлесіп дағдарыстан шығудың тың жолдарын зерттеп іздейтін боламыз. Жаңа жұмыс орындарын ашудың жолдарын қарастыратын боламыз. Халықтың кредитке өмір сүруіне басты кінәлі биліктің өзі, сондықтан біз қиналып жүрген жандардың кредитін жартылай болсада жауып беруді биліктен талап ететін боламыз.
- Салауатты өмір салтын ұстануды насихаттап, жастардың бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастырамын. Студенттерді жатақханамен толық қамту мәселесімен айналысамын.
- Балалардың ойын алаңдарының санын көбейтіп, олардың бала денсаулығына қауіпсіз болуына көңіл бөлемін. Округ бойынша мониторинг жасап, ұсыныс беремін.
- Емханалар санын көбейту керек, аудан бойынша 4 ғана емхана бар, Әл-Фараби даңғылының жоғарғы жағында бірде -бір емхана жоқ, осы мәселені шешуге атсалысамын.
- Алматы қаласы бойынша экологтардың айтуынша, ауаның ластану деңгейі өте жоғары. Аллергиямен, респираторлық аурулармен ауыратын адамдар саны көп. Осы мәселемен айналысу үшін, қала бойынша жаңа экологиялық ереже қабылдау қажет. ТЭЦ газға ауыстыру қажет. Көмірмен үйлерін жылытатын халықты газбен қамтамасыз ету қажет.
- Қала бойынша көптеген тұрғын үй кешендері салынуда. Бірақ, мектептерде орын тапшылығы бар, сол себепті құрылыс компанияларына әлеуметтік нысандар мектеп, балабақша, емхана/ салуды міндеттеу керек. Осы жұмысты қолға аламын.

- Биліктің 30 жыл бойы айтқан өтірігі мен түрлі салада халыққа жасаған қиянатын айтып жеткізу мүмкін емес. Соның бірі денсаулық саласы. Жапондардың орташа өмір сүру жасы 84 жыл. Ал бізде ер адамдар Жапондардан 20 жыл аз өмір сүреді. Оның басты себебі еліміздегі емдеу жүйесінің қателіктері, дұрысы биліктің өз халқына жасап отырған қылмысы болып отыр. Жапон кардиологтарының айтуынша жүрек ауруларынан жазылудың 30 %-ы ғана дәрі-дәрмекпен емдеуге, ал қалған 70%-ы профилактикаға, яғни аурудың алдын алуға байланысты көрінеді. Ал бізде аурудың алдын алу деген атымен жоқ. Елімізде жүрек - қан тамырлары ауруларымен 3 миллиондай адам ауырады, жылына 40 мыңнан аса адам қайтыс болады екен. Жапондық мамандар “ біздің елде де жүрек ауруларының алдын алу бағдарламасы қабылданатын болса, науқастар мен қайтыс болатындар санын 2 есеге дейін азайтуға болар еді” - дейді.

Мен жүрегім ауырып бесінші рет ауруханада жатып шыққаныммен толық жазылмаған едім. Содан Жапонияға барып солардың кардиологтарынан жүрек ауруынан сақтанудың, одан күтінудің жолдарын үйрендім. Содан бері 5-6 жыл өтті, Құдайға шүкір дәрігерге де бармаймын, дәрі де ішпеймін. Жапондық мамандармен бірігіп “Жүрегіңіз ауырмасын” жүрек ауруларының алдын алу жолдары туралы кітап жаздым. Деректі фильм түсірдім. Енді Жапон методикасын негізге алып жүрек ауруларының алдын алу жолдары туралы тегін кеңес беретін Орталық ашуды жоспарлап отырмын. Алдымен халқымызға ауадай қажет осы бағдарламаны қолдамаса ДСМ-нің басшылығын сотқа беретін боламын.

Билік “Ел мен Жер” партиясын түрлі сылтау айтып тіркемегені сияқты мені де сайлаудан өткізбеге тырысатыны анық. Бірақ “аққа Құдай жақ” демекші, біздің ниетіміз ақ. Ең бастысы біз біріксек алмайтын қамал, шешілмейтін проблема болмайды.

Құрметті аудан тұрғындары!

Егер Сіздер мені қолдап, Мәслихат депутаты болған жағдайда, Сіздердің көмектеріңізге сүйене отырып, алға қойған мақсаттарымызға бірге жететінімізге сенімдімін. Алматымызды таза, қауіпсіз, халыққа ыңғайлы қалаға айналдыруға күш-жігерімді аямаймын. Жеңісті күндерде жолыққанша, аман болыңыздар!